

№50 жалпы орта білім беретін мектебі
Қамқоршылық кеңес отырысының
ХАТТАМАСЫ №1

Өткізілген күні: 14.08.2020 жыл

Өтетін орны: мектеп, 243 кабинет

Төрайымы: С.Утебалиева

Хатшы: Н.Кенжегалиева

Күн тәртібінде

1. Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары туралы

Қамқоршылық кеңес төрайымы - С.Утебалиева.

2. Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарын бекіту.

Қамқоршылық кеңес төрайымы орынбасары Г.Дюсенова

ТЫҢДАЛДЫ: 1

Сөйледі: Қамқоршылық кеңес төрайымы - С.Утебалиева. Кеңес мүшелерін 2020-2021 оқу жылының басталуымен құттықтап, мектебімізге алдағы оқу жылына сәттілік тіледі. "Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығына енгізілген өзгерістер енгізу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 2 сәуірдегі № 123 бұйрығына сәйкес Қамқоршылық кеңес білім беру ұйымдарында құрылады. Қамқоршылық кеңес Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасының Ішкі Істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының прокуратура органдарына, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне және Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне ведомстволық бағынысты әскери, арнаулы, медициналық және фармацевтикалық оқу орындарын қоспағанда білім беру ұйымдарында құрылады. Қамқоршылық кеңес білім беру ұйымының әкімшілігімен, ата-аналар комитетімен, жергілікті атқарушы органдармен, мүдделі мемлекеттік органдармен және өзге де жеке немесе заңды тұлғалармен өзара әрекет жасайды. Қамқоршылық кеңес:

1. білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілердің құқықтарының сақталуына, сонымен қатар білім беру мекемелерінің шотына түсетін қайырымдылық көмектің жұмсалуына қоғамдық бақылауды жүзеге асырады;

2. білім беру ұйымының жарғысына өзгерістер және толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар әзірлейді;

3. қазақстандық азаматтардың отбасына жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру мәселелері жөнінде шараларды жетілдіру бойынша ұсыныстарды әзірлейді;

4. білім беру ұйымы басшысының білім беру ұйымының қызметі туралы, оның ішінде білім беру қызметін ұсыну сапасы, қайырымдылық көмектің жұмсалуды және қазақстандық азаматтардың отбасыларына жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру мәселесі жөнінде шараларды қабылдау туралы есебін тыңдайды;

Қамқоршылық кеңестің отырысын оның төрағасы немесе төрайымы өз басшылығымен, Қамқоршылық кеңес мүшесінің жалпы санының үштен екісінің бастамасымен шақырады. Қамқоршылық кеңестің отырысын шақыру туралы хабарламаға Қамқоршылық кеңес төрайымының қол қойылып, хабарлама отырыс өткізілетін күнге дейін жеті жұмыс күнінен

кешіктірілмей жеткізілу керек. Хабарламада отырыстың өткізілу күні, уақыты және орны жазылады. Қамқоршылық кеңестің жұмысын тоқтату: өз бастамасы бойынша, білім беру ұйымындағы орнында үш ай болмауы себепті қамқоршылық кеңестің құрамынан шығуы мүмкін.

Қамқоршылық кеңестің құрамын тиісті саланың уәкілетті органы немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органы бекітеді және Қамқоршылық кеңеске мүше болуға үміткерлердің жазбаша келісімімен алынған ұсыныстардың негізінде қалыптастырылады. Білім беру ұйымының жанынан құрылған Қамқоршылық кеңес отырысына осы білім беру ұйымының басшысы немесе оның орынбасары қатысады. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің саны тақ, бір-бірімен және сол білім беру ұйымының басшысымен ешқандай туыстық және жекжаттық қатынасы жоқ адамдар құрылады. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өкілеттік мерзімі бір жылды құрайды. Қамқоршылық кеңес мүшелері сол білім беру ұйымы қызметкерлері штатына кірмейді. Мемлекеттік органдардың өкілдері болып табылатын Қамқоршылық кеңес мүшелерінің саны үш адамнан аспайды. Қамқоршылық кеңестің жұмысын Қамқоршылық кеңес сайлаған хатшы қамтамасыз етеді. Қамқоршылық кеңес құрамы бұрынғы құрамда сақталатынын мәлімдеді.

1. Утебалиева Сағыныш Джамбуловна - төрайымы
2. Дюсенова Гүлжаркин Баймурзиновна - төрайымы орынбасары
3. Мухитов Нурболат Абаевич - кеңес мүшесі
4. Дюсенгалиев Алибек Аскарович - кеңес мүшесі
5. Жанабаева Райхан Жанабайқызы - кеңес мүшесі
6. Жаксыбаев Ернар Талапович - кеңес мүшесі
7. Умирзакова Галия Даулетовна - кеңес мүшесі
8. Саргузиева Жамила Беркиновна - кеңес мүшесі
9. Кульшурина Маншук Куспановна - кеңес мүшесі
10. Набиева Жанаргүл Жұмабайқызы - кеңес мүшесі
11. Имангазиева Айнагуль Мухитовна - кеңес мүшесі
12. Жубанова Лаззат Еркінгалиевна - кеңес мүшесі
13. Меденова Нұрбөбек Зарифуллақызы – кеңес мүшесі

Кеңес хатшысы - Н.А.Кенжегалиева

ТЫҢДАЛДЫ: 2

Сөйледі: Қамқоршылық кеңес төрайымы орынбасары Г.Дюсенова. Мектеп бойынша ата - аналар тізім жасакталды, әлеуметтік топтарға жататын балалар тізімі жасакталып, қамқорлық акциялары кезінде көмек көрсету жоспарланды. Жоспарға енгізілген өзгерістердің бірі дөңгелек үстел, кездесулер өткізу. Мектептің қоғамдық өміріне араласу, шараларға белсене қатысу.

Қаулы:

1. Заңнамада көрсетілген ережелерді оырындау қаперге алынып, Қамқоршылық кеңесінің құрамы сақталсын.
2. 2020-2021 Қамқоршылық кеңес жоспары бекітілсін.

Келісілді:

Қамқоршылық кеңес төрайымы: Утебалиева Сағыныш Джамбуловна

Мүшелері: Мухитов Нурболат Абаевич

Кульшурина Маншук Куспановна

Жұбанова Лаззат Еркінгалиевна

Саргузиева Жамила Бериковна

Дюсенова Гүлжаркын Баймырзақызы

Жанабаева Райхан Жанабайқызы

Хатшы:

Н.Кенжегалиева